**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ 2022 жылғы 30 наурызындағы ҚАУЛЫСЫ**

**1.** *Әкімшілік және қаржы қызметі жөніндегі проректор К.Т.Исакованың* 2022-2023 оқу жылына арналған «Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ бюджеттік жоспарлау, мемлекеттік сатып алу және кадр саясатының модификациясының жоспарлануы туралы ақпараты тыңдалып және талқыланып, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

| |
|---|
| 2022-2023 оқу жылына арналған «Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ бюджеттік жоспарлау, мемлекеттік сатып алу және кадр саясатының модификациясының жоспарлануы туралы ақпарат назарға алынсын. |

**2.** *Білім беру бағдарламасын жобалау департаментінің директоры А.М.Байдильдинаның* Университеттің 2021 жылғы оқу-әдістемелік жұмысының есебі бойынша баяндамасын тыңдай және талқылай келе, Комитеттің қорытындысын ескеріп, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

1) **Білім беру бағдарламасын жобалау департаменті (ББЖД):**
- Болон процесі және Академиялық ұтқырлық орталығының Реестрінде білім бағдарламаларының жаңартылуын қамтамасыз етсін (01.05.22 дейін).

2) **Академиялық мәселелер жөніндегі департамент (АМЖД) және институт директорлары:**
- Университеттің Даму стратегиясының мақсатын орындау үшін бакалавриатта педагогикалық Білім беру бағдарламалары бойынша көптілділік форматында оқытуды ұйымдастырсын (25.05.2022 дейін).

3) **Білім беру бағдарламасын жобалау департаменті, Оқу-әдістемелік бірлестігінің Жоба басқару тобы:**
- ҚР БҒМ және Әлемдік банктың «Педагогикалық білім беру әлеуетін күшейту» жобасы шеңберінде әзірленген білім беру бағдарламаларының сараптамасын жасасын (01.07.22 дейін.)

4) **Академиялық мәселелер жөніндегі департамент және институт директорлары:**
- студенттерге **minor** бағдарламаларын еркін таңдауға мүмкіндік тұғызсын (2022/2023 оқу жылы).

5) **Кафедра меңгерушілері және ПОҚ**:
- оқу-әдістемелік әдебиет басылымдарының тақырыптық жоспарының белгіленген мерзімде орындалу жұмыстарын күшейтсін (31.12.22 дейін, квартал сайын).

6) **Академиялық мәселелер жөніндегі департаменті және Білім беру бағдарламасын жобалау департаменті Кадр саясаты бөлімі мен Экономикалық жоспарлау және талдау басқармасымен келісе отырып:**
- ECTS көлемінде студенттердің оқу жүктемесі түрлерінің арақатынасын өзгерту негізінде ПОҚ-ның педагогикалық жүктемесін есептеудің жаңа нормативтерін әзірлесін, және Басқарма мәжілісіне ұсынсын. (01.05.22 дейін).

7) **Академиялық мәселелер жөніндегі департамент және институт директорлары:**
- UNIVER жүйесінде сабақ кестесінің құрылуын қамтамасыз етсін (20.08.22 дейін).

8) **Институт директорлары:**
- UNIVER жүйесіндегі ПОӘК мазмұнының уақытылы және сапалы толтырылуын қамтамасыз етсін (01.07.22 дейін)

9) **Білім беруді цифрландыру департаменті және Педагогикалық шеберлік орталығы**:
- Жаппай білім беру онлайн курстарын (ЖББОК) дайындау үшін материалдық-техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етсін.

**3**. *Әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Ш.Н.Нурлановтың* Абай атындағы ҚазҰПУ Honors College тетіктерін енгізуі туралы ақпаратын тыңдап және талқылай отырып, Комитеттің қорытындысын ескеріп, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

**1)** Филология және көптілді білім беру институты, Жаратылыстану және география институты, Математика, физика және информатика институты студенттерінен топтар құрылатындығы назарға алынсын (15.04.22 дейін).
**2)** «Abai University Honors College тетіктерін енгізу» жобасының Ережесін бекітуге ұсынылсын.

**4** *Әкімшілік және қаржы қызметі жөніндегі проректор К.Т.Исакованың* «Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ Білім беру бағдарламалары бойынша 2022-2023 оқу жылына ақылы оқудың құны туралы сөзін тыңдап, талқылап, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

- «Абай атындағы ҚазҰПУ» КеАҚ Қоғамының Директорлар кеңесінің отырысында бекітілген 2022-2023 оқу жылына арналған Білім беру бағдарламалары бойынша ақылы оқудың құны назарға алынсын және жауапты тұлғаларға жеткізілсін.

**5.** Әртүрлі.

**5.1** Абай атындағы ҚазҰПУ-нің *Филология және көптілді білім беру институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор А.В.Танжарикованың* баяндамасын тыңдап, талқылап, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

**1)** Филология және көптілді білім беру институтының атауы «Филология институты» болып өзгертілсін және осыған сәйкес логотипі ауыстырылсын.
**2) Филология және көптілді білім беру институтының директоры *А.В. Танжариковаға*, Академиялық мәселелер жөніндегі проректор *М.А. Бектемесовке*, Әкімшілік және қаржы қызметі жөніндегі проректор *К.Т.Исақоваға:***
- Институт атауының ауысуын қадағалау және жүзеге асыру жұмыстары жүктелсін.

**3)** А. Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойына орай Филология және көптілді білім беру институтында «А.Байтұрсынұлы орталығы» ашылсын.
**4) Филология және көптілді білім беру институтының директоры А.В. Танжариковаға, Әкімшілік және қаржы қызметі жөніндегі проректор К.Т.Исақоваға, Филология және көптілді білім беру институтының кафедра меңгерушілеріне:**
- «А. Байтұрсынұлы орталығын» ашу жұмыстары жүктелсін.

**5) Филология және көптілді білім беру институтының директоры А.В. Танжариковаға, Зерттеу қызметі жөніндегі проректор Е.Ә. Бөрібаевқа, Филология және көптілді білім беру институтының кафедра меңгерушілеріне:**
- «А.Байтұрсынұлы орталығында» университет қызметіндегі ғылыми-әдістемелік және оқу мәселелерін талқылау, ғылыми-әдістемелік зерттеулерді жүйелі түрде ұйымдастыру жұмыстарын қадағалау жүктелсін.

**5.2** Абай атындағы ҚазҰПУ-нің *Филология және көптілді білім беру институтының директоры, филол.ғ.д. профессор А.В.Танжарикованың сөзі тыңдалып, талқыланып,* **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

- Павлодар педагогикалық университетінің ұйымдастыруымен **2022 жылдың 20-22 сәуірінде** «5В011700–Қазақ тілі мен әдебиеті» Білім

беру бағдарламасы бойынша ҚР БҒМ-нің жоғары оқу орындары студенттері арасында түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері А.Байтұрсыновтың 150 жылдығына орайластырылған XIY Республикалық пән олимпиадасына академик С.Қирабаев атындағы қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының аға оқытушы К.У. Сейталиеваның жетекшілігімен төмендегідей 4-курс студенттердің қатысуына рұқсат берілсін:

1. Жолшыбек Аида Әуелханқызы
2. Сагмалиева Назерке Жарлгаповна
3. Төлегенова Мөлдір Сабырқызы

**5.3** *Ғылым департаментінің директоры Ұ.М.Әбдіғапбарованың* «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ монографиясын дайындау туралы ережесін бекіту туралы ақпараты тыңдалып және талқыланып, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

- «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ монографиясын дайындау туралы ережесі бекітілсін.

**5.4** *Ғылым департаментінің директоры Ұ.М.Әбдіғапбарованың* Докторанттардың диссертация тақырыбын нақтылау туралы сөзін тыңдап, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

- Докторанттардың өзгеріс енгізілген диссертация тақырыптары нақтыланып, шетелдік ғылыми кеңесшілері қайта бекітілсін.

**5.5** *Бас ғалым хатшы Ж.Битибаеваның* әртүрлі мәселелер бойынша сөзін тыңдап, талқылап, **Ғылыми кеңес қаулы қабылдады:**

**1)** Педагогика және психология институты, педагогика және психология білім беру бағдарламасының аға оқытушысы, психол.ғ.к. Т.Б. Тәжібаевтың «Тұлға психологиясына кіріспе» атты оқу құралы Абай атындағы ҚазҰПУ базасындағы «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласындағы РОӘК ОӘБ грифін алу үшін сараптамаға ұсынылсын.

**2)** Жоғары оқу орындарының студенттері арасында «Музыкалық білім» білім беру бағдарламасы бойынша «Музыкалық білім беру және хореография» кафедрасының базасында «5В010600–Музыкалық білім» мамандығының студенттері арасында 1-тур қорытындысы бойынша Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының базасында Республикалық пәндік олимпиадаға қатысуға келесі студенттер ұсынылсын:

- Марат Назгүл Маратқызы, 2(3) курс, «6В0140200- Музыкалық білім» білім беру бағдарламасы бойынша №1 номинацияға – «Музыка мұғалімінің орындаушылық шеберлігі» (Жетекшілері: п.ғ.к., проф. м.а. Қ.Е. Ибраева, п.ғ.к., қаумд.проф. С.Т. Балагазова).
- Батырбекова Ұлпан Асылбекқызы, 4(4) курс, «5В010600 – Музыкалық білім» білім беру бағдарламасы бойынша №2 номинацияға – «Музыкалық ағартушылық» (Жетекшісі: п.ғ.к., проф. м.а. Л.Ш. Какимова).
- Смайл Мөлдір Асылханқызы, 4(4) курс, «5В010600 – Музыкалық білім» білім беру бағдарламасы бойынша №2 номинацияға – «Музыкалық ағартушылық» (Жетекшісі: п.ғ.к., проф. м.а. Л.Ш. Какимова).

**6.** Осы шешімдердің орындалуын қадағалау Академиялық мәселелер жөніндегі проректор ***М.А.Бектемесовке*** жүктелсін.

**Ғылыми кеңес төрағасы** **Д. Билялов**

**Бас ғалым хатшы** **Ж. Битибаева**